

## Қарабалық ауданының шақыру учаскесіне азаматтардың тіркеуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 қаңтардағы № 2 шешімі. Қостанай облысы Қарабалық ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 ақпанда № 9-12-131 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімі аппараты бысшысының 2013 жылғы 2 мамырдағы № 05-10/468 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімі аппараты бысшысының 02.05.2013 № 05-10/468 хатымен).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңы 17-бабының 3-тармағына сәйкес, Қарабалық ауданының ә к і м і

### **Ш Е Ш Т І :**

1. "Қостанай облысы Қарабалық ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне 2010 жылы қаңтар-наурызда тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтардың тіркеуі ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. "Қарабалық аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) "Қостанай облысы Қарабалық ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірлесіп тіркеу бойынша іс-шараларды қамтамасыз етуі ұсынылсын.

3. Селолық округтер, селолар, кент әкімдері:

1) тіркеуді өту үшін азаматтардың комиссияға міндетті түрде келуін қ а м т а м а с ы з е т і л с і н ;

2) шақыру учаскесіне азаматтарды жеткізу үшін шығарып салатын тұлғалар бөлінсін, тасу кезінде жазған оқиғаларды қақпайлау үшін шаралар қабылдансын.

4. "Қарабалық ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі медициналық комиссияны өткізу үшін жергілікті бюджеттен ақша қаражатты бөлуі қарастырылсын.

5. "Қарабалық аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне тіркеу өткізу кезінде шақыру пунктінде құқықтық тәртібін қамтамасыз етуге

ұсынылсын (келісім бойынша).

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.А. Кәкімжановқа жүктелсін.

7. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а р а б а л ы қ

ауданының әкімі

Ф. Филиппов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қарабалық аудандық ішкі істер бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Н. Нархов

"Қостанай облысы Қарабалық ауданының  
қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Б. Бекбұлатов

"Қарабалық аудандық орталық ауруханасы"  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорнының бас дәрігері

Л. Панченко

**Аббревиатуралар талдамасы:**

АӘА – "Қарабалық ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі

АІБ - "Қарабалық аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі

ҚІЖБ - "Қостанай облысы Қарабалық ауданының қорғаныс істері жөніндегі  
бөлімі" мемлекеттік мекемесі

АОА - "Қарабалық аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық  
қазыналық кәсіпорны